

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық элеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – С. 219-221

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, НҰРА ӨЗЕНІНДЕГІ ОНДАТРА САНЫ, КӘСІПТІК МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ӘСЕРІ

*Абетов Д. М.,
Кульмагамбетов Т.И.*

Ондатра Еуразия құрлығына Солтүстік Америка құрлығынан 20-шы ғасырдың 20-шы жылдары әкелініп жерсіндірілген. Қазақстан аумағында ондатраны зерттеу жұмыстары шамалы мөлшерде сипатталады.

Қазақстан фаунасының сақталуы қазіргі кезде жоғары маңыздылыққа ие болыпжатыр, 2008-ші жылы «Табиғи ресурстарды жоспарлау, мониторингтеу, сақтау және тиімді пайдалану жүйесін жетілдіру» бағдарламасы әзірленген.

Ондатраны Қазақстанда жерсіндіру, фаунаны өзгерту мен байытуына бағытталған әрекетінің, сонымен қатар ондатраның әкелінуіне дейін бос болған алқаптар мен экологиялық тауашалардың халық шаруашылығында пайдаланудың тамаша мысалы. Осы үлкен жұмыстың бірінші нәтижелері А.А. Слудскийдің «Ондатра и акклиматизация ее в Казахстане» (1948) монографиясында біріктірілген [1].

Қаз ССР ҒА-нің зоология институтімен республиканың әр түрлі ландшафт-ты аймақтарында оның өмірінің систематикалық зерттелуі өткізілген, ондатра шаруашылығын интенсификациялау үшін және КСРО кезіндегі бар қорларды ұтымды пайдалану үшін іс шаралар зерттелген [2].

Қазақстан аумағында бұл аң 20-шы ғасырдың 30-шы жылдарында жерсіндірілген. 1946-шы жылдың қазан айында 463 ондатра Нұра мен Қон өзенінің алқаптарына және 1947-ші жылы 311 ондатра Қорғалжын ауданының жеке көлдеріне жіберілген. Қорғалжын көлінде ондатраны жерсіндірілуі жердегі қоректің молшылығына және су алқаптарының үлкен көлеміне қарамастан сәтсіз өтті. Осы жерде кеміргіш эпизоотия мен туляремиядан жойылған [3].

Еуразия су алқаптарының флорасының әртүрлілігі, қоректік қасиеттері Солтүстік Американың өсімдіктеріне өте ұқсас болып келеді, климаттық жағдайлары да ұқсас. Жаңа өмір жағдайларында ондатрамен алынған экологиялық орын, ондатраға дейін бос немесе әлсіз бәсекелестік пен төзімділікті көрсеткен түрлермен қоныстанған болған. Ондатраның жаңа жағдайларға нық орнығуы, оның жоғары табиғи төзімділігі мен бейімделушілігін көрсетеді [4].

Экологиялық агрессивті түрлердің жерсіндірілуі жалпы биологияның негізгі мәселелердің біріне жатады. Ондатраның Еуразияда жерсіндірілуі, түрдің биотикалық және абиотикалық ортаға бейімделу үрдістерін зерттеу үшін сәйкес келеді. Бастапқы микроэволюциялық сатылардың жылдамдығы мен нәтижелілігін, популяцияның морфогенетикалық өзгерулерін зерттеу арқылы анықтауға болады [5].

Ондатраның терілерінің тұтынушылық мәні олардың айтарлықтай төзімділігімен анықталады, терінің киюге төзімділігі кәмшаттің терісінің

төзімділігінен 45 %-ға ие. Ондатраның терісінің төзімділігі түлкі, тиін, суыр ақкістің төзімділігінен жоғары. Нұра

өзені кіші өзендерге жатқызылады, далалар мен шөлдерде орналасқан кіші өзендер ондатраға керекті қорекке бай болып келеді. Кіші өзендердің жағалаулары апан жасау үшін өте қолайлы болып келеді.

Жұмыстың мақсаттары: 1) Нұра өзенінің бассейнінде ондатра популяциясының таралуын анықтау; 2) Аңшылық шаруашылықтар үшін, сулы - батпақты алқаптардың ондатраға қатысты сипаттамасын, бонитировкасын жасау; 3) Интродуцентті гельминто-логиялық зерттеу.

Жұмысқа сәйкес ондатраның санының есебі 2015 жылдың қыркүйек-қазан айла-рында өткізілді. Материал жинау бағдарлы және стационарлы зерттеу арқылы жүргізілді. Көпшілік мақұлдаған Кудряшевтің есеп әдістемесін қолдандық. Әдістеме бойынша су алқабының әр түрлі бөліктеріндегі тереңдігі, жағалауының сипаты, су тәртібі, су сапасы, су тасығандағы деңгейі, мұздың қалыңдығы, мұз басу мен мұздың еруінің кезеңдері, құрғау деңгейі анықталды. Өзеннің жағалау жиегінің өсімдіктермен қапталуының деңгейі, өсімдіктердің түрлері, су алқабының пайдалы ауданы, және оның ондатрамен игерілген бөлігінің пайызы анықталды.

Әдебиеттердің және өзіндік бақылаудың негізінде біз ондатраның бір отбасы өмір сүре алатын аймақтың минималды ауданын осылай қабылдадық: қамыс пен қоға үшін - 0,1 га; басқа су маңындағы өсімдіктер үшін - 0,33 га; суға батырылған өсімдіктер үшін

- 1,0 га. Отбасылардағы даралардың санын анықтау үшін ұстаулар өткізілген жоқ.

Жалпы зерттеу өткізілген қашықтық 36 км-ге дейін жетеді, өзеннің әр түрлі кесінділерінде 7 есеп алаңы қолданылған. 4 есеп алаңдарын шартты түрде белгілеу үшін, өзеннің қасында орналасқан елді мекендердің атауларын алдық, және Нұра өзенінің бассейнінде орналасқан 3 көлде есеп өткізілген (1 кесте).

1- кесте – Есеп алаңдарындағы ондатралардың күркелерінің есебі (қаңтар-ақпан айла-рында)

№	Есеп алаңының шартты атауы	Есептелген жағалау ұзындығы, км/су бетінің ауданы, га	Жағалаулы -сулы және сулы өсімдіктер өсетін су ауданыны	1 км жағалауға/ 1га ауданға шаққанда күркелер	
	1	2	3	4	5
Өзендегі есеп алаңдары :	1	Қосшы	10 км	25 ± 4	1,3±1,5
	2	Қабанбай батыр	8 км	18 ± 3	0,7±0,5
	3	Оразақ	8 км	18 ± 2	0,0±0,1
	4	Сабынды	10 км	23 ± 3	0,5±0,8
	5	Алакөл/100 га	10 га	12 ± 3	08 ± 1,0
	6	Қоскөл/80 га	20 га	40± 5	1,5 ± 2

Көлдер:	7	Ши-Шалқар/210 га	20 га	15± 4	0,8 ± 1,2
---------	---	------------------	-------	-------	-----------

Бізбен зерттелген өзеннің ағысындағы есеп алаңдарының ішінде тек қана Оразак

аймағында толықтай дерлік ондатрасыз аймақ болып табылған. Қалған есеп аймақтарында 1 км жағалау үшін 0,5-1 отбасы. Ал төмен аймақтарда 0 - 0,3 отбасы. Кейбір жерлерде 1 км жағалау кесіндісіне 2-3 отбасы келеді. Өзеннің бассейнінде орналасқан көлдердегі ондатраның жоғары саны анықталған.

Нұра өзенінің басты сағасында отбасылар сирек қоныстанады, бірақ қосалқы тұйықталып бітетін сағаларда ондатраның саны көбірек. Ондатра Нұра өзенін апандар- ды қазу арқылы өзгертеді. Өзен жағалауының ішінде апан қазады, кейін су тасулары кезінде, апан бұзылады, өзеннің жағалауын еңістетеді.

Өзеннің бойында ондатра қорекке пайдаланатын өсімдіктердің 12 түрі анықталған. Қазіргі кезде ондатралық шаруашылықтар Сырдария өзенінің төменгі ағысында, Іле өзенінде, Балқашта, және басқа да жерлерде бар.

Қазақстанда бағалы терілі аңдар табиғи ресурстардың түрі ретінде соңғы жыл- дары біршама аз деңгейде пайдаланылады. Аңшылық шаруашылығы елімізде халық шаруашылығы ішінде ең артта қалған сала, қазіргі таңға дейін қарапайым түрде жүргізіледі, замануи ғылыми техникалық жетістіктерді қолданбайды. Сондықтан қазіргі кезде осы аңның мониторингі экономикалық, экологиялық және ғылыми тұрғыдан зерт- теу өте маңызды және міндетті әрекет.

Әдебиеттер тізімі

1 Слудский А.А. Ондатра и акклиматизация ее в Казахстане. - Алма-Ата.: Академия наук Казахской ССР, 1948. – 182 с.

2 Бекенов А.Б., Лобачев Ю.С., Лобачева В.В. Ондатра, - Алма-Ата.: Кайнар, 1989. – 168 с.

3 Страутман Е.И. Ондатра в Казахстане. - Алма-Ата.: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1963. – 216 с .

4 Ильина Е.Д., Соболев А.Д., Чекалова Т.М., Шумилина Н.Н. Звероводство. - СПб., М., Краснодар.: Лань, 2004. – 304 с.

5 Vasil'ev A.G., Bol'shakov V.N., Sineva N.V. Long Term Morphogenetic Aftereffects of Muskrat Acclimatization in Western Siberia. Doklady Biological Sciences. – 2014. - Volume: 455, Edition: 1. -P. 113 –115.